

Дәрілік заттардың ұтымды пайдаланылуына бағалау жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 6 мамырдағы № ҚР ДСМ-67 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 8 мамырда № 18636 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 3 қарашадағы № ҚР ДСМ-179/2020 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 03.11.2020 № ҚР ДСМ-179/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2009 жылғы 18 қыркүйектегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 7-бабы 1-тармағының 70-2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Дәрілік заттардың ұтымды пайдалануына бағалау жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күннің ішінде қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі оның көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Қазақстан Республикасының заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі К.Т. Надыровқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2019 жылғы 6 мамырдағы
№ ҚР ДСМ-67 бұйрығымен
бекітілген

Дәрілік заттардың ұтымды пайдаланылуына бағалау жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Дәрілік заттардың ұтымды пайдаланылуына бағалау жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 2009 жылғы 18 қыркүйектегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 7-бабы 1-тармағының 70-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және денсаулық сақтау ұйымдарында дәрілік заттардың ұтымды пайдаланылуына бағалау жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – азаматтардың денсаулығын сақтау, медицина және фармацевтика ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылау саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

2) денсаулық сақтау ұйымының дәрілік формуляры – қазақстандық ұлттық дәрілік формулярдың негізінде қалыптастырылған және уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен денсаулық сақтау ұйымының басшысы бекіткен, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсетуге арналған дәрілік заттардың тізбесі;

3) дәрілік зат – затты не заттардың құрамасын білдіретін немесе қамтитын, адам организмімен байланысқа түсетін, адамның ауруларын емдеуге, олардың профилактикасына немесе оның физиологиялық функцияларын фармакологиялық, иммунологиялық не метаболизмдік әсер ету арқылы қалпына келтіруге, түзетуге немесе өзгертуге немесе адамның аурулары мен жай-күйінің диагностикасына арналған зат;

4) дәрілік заттардың ұтымды пайдаланылуы – жеткілікті уақыт кезеңі ішінде және неғұрлым аз шығындармен пациенттің жеке-дара қажеттіліктеріне сай

келетін мөлшерлерде клиникалық көрсетілімдерге сәйкес келетін дәрі-дәрмекпен емдеу;

5) дәрілік заттың халықаралық патенттелмеген атауы - дәрілік заттың Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған атауы;

6) дәрілік препарат – диагностикалау, емдеу мен профилактика үшін қолданылатын дәрілік нысан түріндегі дәрілік зат;

7) жағымсыз реакция – организмнің дәрілік (зерттелетін) препаратты қолдануға байланысты және осы дәрілік (зерттелетін) препараттың қолданылуымен ықтимал өзара байланыстың болуы шамаланатын байқаусызда болған, қолайсыз реакциясы;

8) клиникалық фармаколог – "емдеу ісі", "педиатрия", "жалпы медицина" бейіндері бойынша жоғары медициналық білімі бар, клиникалық фармакология бойынша резидентурадан немесе қайта даярлаудан өткен және клиникалық фармаколог маманының сертификаты бар маман;

9) клиникалық хаттама – белгілі бір ауру немесе клиникалық жағдай кезінде пациентке медициналық көмек көрсетуге қойылатын жалпы талаптарды белгілейтін құжат;

10) Қазақстандық ұлттық дәрілік формуляр – тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық ұйымдардың дәрілік формулярларын әзірлеу және дәрілік заттарды сатып алу тізімдерін қалыптастыру үшін міндетті негіз болып табылатын, клиникалық қауіпсіздігі мен тиімділігі дәлелденген дәрілік заттардың, сондай-ақ орфандық (сирек кездесетін) дәрілік препараттардың тізбесі;

11) дәрілік заттың саудалық атауы – дәрілік зат тіркелетін атау;

12) формулярлық жүйе – дәрілік заттарды ұтымды пайдалануға бағытталған, дәрілік формулярлар үшін дәрілік заттарды кезең-кезеңмен бағалау және іріктеу, дәрілік формулярларды қолдау және тиісті нұсқау мен тізбе түрінде ақпарат беру жүйесі;

3. Денсаулық сақтау ұйымдарында дәрілік заттардың ұтымды пайдаланылуын бағалау дәрілік заттардың ұтымды пайдаланылуына ішкі және сыртқы бағалау жүргізу жолымен жүзеге асырылады.

2-тарау. Денсаулық сақтау ұйымдарының дәрілік заттардың ұтымды пайдаланылуына ішкі бағалау жүргізу тәртібі

4. Денсаулық сақтау ұйымдары жыл сайын 1-жартыжылдық ішінде өткен жылға дәрілік заттардың ұтымды пайдаланылуына ішкі бағалау (бұдан әрі – ішкі бағалау) жүргізеді.

5. Ішкі бағалау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының және осы Қағилардың талаптарына дәрілік заттардың пайдаланылуының сәйкестігін бағалауды білдіреді.

6. Ішкі бағалауды клиникалық фармакологтың міндетті түрде қатысуымен денсаулық сақтау ұйымы деңгейінде медициналық көмектің сапасын басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымының құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі – құрылымдық бөлімше) жүргізеді. Денсаулық сақтау ұйымында клиникалық фармаколог болмаған жағдайда, оларды сырттан тартуға болады.

7. Құрылымдық бөлімше және клиникалық фармаколог денсаулық сақтау ұйымының медициналық ақпараттық жүйесіне рұқсатпен қамтамасыз етіледі.

8. Денсаулық сақтау ұйымының ішкі бағалауына:

- 1) денсаулық сақтау ұйымының формулярлық комиссиясының қызметі;
- 2) дәрілік заттарды жоспарлау және сатып алу;
- 3) дәрілік заттарды тағайындаудың негізділігін мониторингтеу жүйесі;
- 4) инфекциялық бақылау жүйесі;
- 5) дәрі-дәрмектік қателерді жинау және мониторингтеу жүйесі;
- 6) дәрілік заттардың жағымсыз реакцияларын тіркеу жүйесі;
- 7) дәрілік заттардың тұтынылуын талдау;

8) дәрілік заттарды оларды белгілі бір кезең аралығында тұтыну көлеміне қарай үш сынып бойынша бөлу арқылы дәрілік заттарға жұмсалатын қаржылық шығындардың пайдаланылуының ұтымды болуына талдау жүргізу (бұдан әрі - ABC (эй би си) және дәрілік заттардың пайдаланылу тиімділігін бағалау: өмірді құтқаруға және қолдауға қажетті (маңызды) өмірлік-маңызды дәрілік заттар; қаупі төмен, бірақ елеулі ауруларды емдеу кезіндегі тиімді қажетті дәрілік заттар ; тиімділігі күмәнді, симптоматикалық көрсетілімдер бойынша пайдаланылатын қымбат тұратын екінші дәрежелі (болмашы) дәрілік заттар (бұдан әрі – VEN (вен)).

9. Дәрілік заттардың ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін денсаулық сақтау ұйымы:

1) дәрілік заттарды жоспарлаудың, сатып алудың, сақтаудың, бөлудің және пайдаланудың, оның ішінде тәуекел дәрежесі жоғары дәрілік заттар айналысының стандартты операциялық рәсімдерін (COP) қамтитын, денсаулық сақтау ұйымдарында дәрілік заттардың айналысы тәртібін сипаттайтын құжатты;

2) денсаулық сақтау ұйымының бейінін ескере отырып, жұмыс істеу кезінде пациентке және (немесе) медицина қызметкерлеріне зиян келтірудің жоғары тәуекелі бар (жоғары тәуекел дәрежесі бар) дәрілік заттардың тізімін әзірлейді және денсаулық сақтау ұйымының басшысымен бекітеді.

10. Дәрілік заттарды тағайындаудың негізділігін мониторингтеу жүйесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша дәрілік заттарды тағайындаудың негізділігін бағалау үшін деректер жинауды және дәрілік заттарды тағайындаудың негізділігін бағалауды қамтиды.

Дәрілік заттарды тағайындаудың негізділігіне мониторинг жүргізу үшін пайдаланылуының неғұрлым жоғары клиникалық және экономикалық әсері бар басым топтары және оларды бағалау индикаторлары айқындалады.

Басым топтарға мыналар жатады:

- 1) қымбат тұратын;
- 2) көп мөлшерде пайдаланылатын;
- 3) микробқа қарсы;
- 4) қауіп тобындағы пациенттерді (егде жастағы адамдар, балалар, жүкті әйелдер, қарқынды терапия бөлімшесінің пациенттері) емдеу үшін қолданылатын ;
- 5) елеулі жағымсыз реакциялары, арнайы терапиялық индексі;
- 6) анағұрлым жиі кездесетін ауруларды емдеу үшін қолданылатын;
- 7) денсаулық сақтау ұйымының дәрілік формулярына енгізу бойынша қаралудағы дәрілік заттар;
- 8) денсаулық сақтау ұйымының дәрілік формулярына енгізілген жаңа дәрілік заттар.

Дәрілік заттарды тағайындаудың негізділігін бағалауға ұсынылатын индикаторлар:

- 1) дәрілік зат пайдаланылған көрсетілімдердің Қазақстандық ұлттық дәрілік формулярдың (бұдан әрі – ҚҰФ) формулярлық баптарындағы дәрілік заттардың көрсетілімдеріне, дәрілік заттың медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтарға, клиникалық хаттамаларға, халықаралық клиникалық нұсқауларға сәйкестігі;
- 2) дәрілік затты пайдалану бойынша клиникалық шектеулерді сақтау;
- 3) дозалау режимін сақтау;
- 4) дәрілік затты енгізу жолының пациенттің жай-күйіне, жасына, дәрілік заттың фармацевтикалық сипаттамаларына сәйкестігі;
- 5) дәрілік заттың құны болып табылады.

9. Инфекциялық бақылау жүйесі микробқа қарсы препараттарды пайдалану бойынша мультидисциплинарлық топты құруды және жұмыс істеуін, ауруханаішілік инфекцияларды стационарлық деңгейде сараптауды және амбулаториялық деңгейде микробқа қарсы препараттарды тағайындаудың негізділігін мониторингтеуді қамтиды.

Микробқа қарсы препараттарға төзімділікті ұстау мақсатында оларды амбулаториялық деңгейде тағайындау үлесі айқындалады.

10. Дәрі-дәрмектік қателерді жинау және мониторингтеу жүйесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан-хабарламаларды жинауды, толтыруды, анықталған дәрі-дәрмектік қателерді талдауды, оларды туындататын себептерді жою және болдырмау жөніндегі іс-шараларды әзірлеуді қамтиды.

Дәрі-дәрмектік қателер туралы хабарламаны емдеу процесінің барлық қатысушылары (дәрігер, фармацевт, мейіргер, пациент, кәмелетке толмаған адамның заңды өкілі, әрекетке қабілетсіз адамның қамқоршысы) оларды қарау үшін оқиға болған және (немесе) дәрі-дәрмектік қателер анықталған сәттен бастап 24 сағаттан кешіктірмей құрылымдық бөлімшеге жібереді.

Мемлекеттік медициналық ұйымдар дәрі-дәрмектік қателер туралы нысан-хабарламаларды жинау және есепке алу үшін жылына бір рет толтырылған дәрі-дәрмектік қателер туралы нысан-хабарламаларды ағымдағы жылғы 25 қазаннан кешіктірмей "Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына (бұдан әрі – Орталық) жібереді.

11. Дәрілік заттардың жағымсыз реакцияларын тіркеу жүйесі дәрілік заттардың және медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы мемлекеттік сараптама ұйымына дәрілік заттың жанама әсері немесе жағымсыз реакциясы туралы карта-хабарламаларды толтыруды және беруді қамтиды.

12. Дәрілік заттардың тұтынылуын талдау белгіленген тәуліктік дозаны және пайдаланылған дәрілік заттардың саны бойынша нақты деректерді ескере отырып жүргізіледі.

Дәрілік заттарды тұтынуды талдау нәтижелері дәрілік заттарды немесе жекелеген фармакологиялық топтарды сатып алуды одан әрі мониторингтеу және жоспарлау, сондай-ақ оларды тұтыну үрдісін айқындау үшін пайдаланылады.

13. ABC (эй би си) талдауы:

1) денсаулық сақтау ұйымы деңгейінде әртүрлі дәрілік заттарды немесе фармакологиялық топтарды сатып алуды;

2) белгілі бір нозология кезінде дәрілік заттарды немесе фармакологиялық топтарды қолдануды;

3) бір фармакологиялық топтың ішінде белгілі бір дәрілік заттарды пайдалануды;

4) көрсетілетін медициналық көмек бейініне сәйкес денсаулық сақтау ұйымдарының дәрілік заттарға жұмсалатын қаржылық шығындардың орындылығын;

5) қаржылық шығындардың сырқаттанушылық құрылымына сәйкестігін бағалау үшін жүргізіледі.

14. VEN (вен) талдауы дәрілік заттың тиімділігінің дәлелділік деңгейімен айқындалатын клиникалық маңыздылығы дәрежесі бойынша дәрілік затты саралау үшін жүргізіледі.

Дәрілік заттарды сатып алудың ABC (эй би си) және VEN (вен) талдауларының нәтижелері Кодекстің 7-бабы 1-тармағының 70) тармақшасына сәйкес бекітілетін Қазақстандық ұлттық дәрілік формулярды, белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтардың жекелеген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікпен амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін қалыптастыру, сондай-ақ денсаулық сақтау ұйымдарының дәрілік формулярларын әзірлеу тәртібіне сәйкес денсаулық сақтау ұйымының дәрілік формулярларын әзірлеу және қалыптастыру кезінде қолданылады.

15. Дәрілік заттардың ұтымды пайдаланылуын ішкі бағалау нәтижелері денсаулық сақтау ұйымының формулярлық комиссиясының отырысында қаралады.

16. Денсаулық сақтау ұйымының формулярлық комиссиясының шешімі бойынша үш айдың ішінде сәйкессіздіктерді жою және дәрілік заттардың ұтымды пайдаланылуын одан әрі жақсарту бойынша шаралар қабылданады.

17. Анықталған сәйкессіздіктерді жою жөніндегі іс-шаралар білім беру және (немесе) жедел сипатта болады және дәрілік заттарды пайдалану кезінде жұмыста кателіктер жіберген адамдар тобына немесе жеке маманға жіберіледі.

18. Білім беру шаралары медицина және фармацевтика қызметкерлері үшін дәрілік заттарды ұтымды пайдалану бойынша біліктілікті арттыру курстары түрінде оқыту іс-шараларын өткізуді қамтиды.

19. Жедел шаралар денсаулық сақтау ұйымының дәрілік формулярындағы өзгерістерді және (немесе) кейбір дәрілік заттарды пайдалануға шектеулер енгізуді және (немесе) емдеудің жаңа стандарттарын қайта қарауды және енгізуді және (немесе) медициналық жабдықты сатып алуды және (немесе) жаңа зертханалық әдістерді енгізуді және (немесе) штат кестесінде өзгерістерді қамтиды.

20. Дәрілік заттардың ұтымды пайдаланылуын ішкі бағалау нәтижелері бағалау жүргізілген күннен бастап 20 жұмыс күні өткен соң денсаулық сақтау ұйымының интернет-ресурсында орналастырылады.

3-тарау. Денсаулық сақтау ұйымдарында дәрілік заттардың ұтымды пайдаланылуына сыртқы бағалау жүргізу тәртібі

23. Денсаулық сақтау ұйымдарында дәрілік заттардың ұтымды пайдаланылуын сыртқы бағалау (бұдан әрі – сыртқы бағалау) ұсынымдар әзірлеу

және медицина және фармацевтика қызметкерлерін дәрілік заттарды ұтымды пайдалануға оқыту жолымен дәрілік заттарды қолданудың тиімділігін арттыру мақсатында жүзеге асырылады.

24. Сыртқы бағалауды екі жылда бір рет кезеңділігімен Орталық жүргізеді.

25. Сыртқы бағалауды жүргізу үшін Орталықта уәкілетті органның ақпараттық жүйелеріне және денсаулық сақтау ұйымдарының медициналық ақпараттық жүйелеріне қолжетімділік бар.

26. Сыртқы бағалау осы Қағидаларға 3 және 4-қосымшаларға сәйкес стационарлық және амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар үшін дәрілік заттардың ұтымды пайдаланылуын бағалау индикаторларының (бұдан әрі – индикаторлар) негізінде жүзеге асырылады.

27. Индикаторлардың сәйкестігін бағалау құжаттарды зерделеу және талдау, бақылау және персонал арасында сұрау жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

28. Сыртқы бағалау нәтижелері ұсынымдармен бірге тиісті денсаулық сақтау ұйымына қарау және шаралар қабылдау үшін жіберіледі.

29. Денсаулық сақтау ұйымдарын сыртқы бағалау нәтижелері бойынша жиынтық ақпарат дәрілік заттардың ұтымды пайдаланылуын жақсарту жөніндегі уәкілетті органға ұсынымдар әзірлеу үшін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Форумарлық комиссиясына жіберіледі.

30. Орталық ішкі немесе сыртқы бағалау нәтижелері бойынша медицина және фармацевтика қызметкерлерін оқыту іс-шараларын жүргізеді. Біліктілікті арттыру циклдерінде оқу мерзімі кемінде 54 сағат.

31. Денсаулық сақтау ұйымдары Кодекстің 86-2-бабының 3-тармағына сәйкес дәрілік заттарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз етеді.

32. Орталық бірыңғай тегін телефон желісі/байланыс орталығы арқылы медицина және фармацевтика қызметкерлері мен халыққа дәлелді медицина қағидаттары негізінде дәрілік заттар туралы дұрыс ақпаратты, сондай-ақ дәрілік заттарды қолдану және өзара іс-қимылдың қиын жағдайлары кезінде консультациялық көрсетілетін қызметтерді ұсынады.

Дәрілік заттардың ұтымды
пайдаланылуына бағалау
жүргізу қағидаларына
1-қосымша

1-нысан. Дәрілік препараттарды тағайындаудың негізділігін бағалау үшін деректер жинау

Деректерді жинау күні / кезеңі: _____

(кү н і , а й ы , ж ы л ы)

Бағаланатын ДЗ / ДЗ фармакологиялық тобы / нозология: _____

Бағалау жүргізілетін денсаулық сақтау ұйымының бөлімшелері: _____

Деректерді жинау әдісі:

перспективалық

ретроспективті

ағымдағы

Бағаланатын аурулар тарихының / тағайындаулар саны:

Бағаланатын тағайындау кезеңі: _____

(күні, айы, жылы)

Бағаланатын ДЗ / ДЗ фармакологиялық топты / нозологияны таңдау себебі:

Ықтимал жағымсыз реакциялар

Ықтимал қолайсыз өзара әрекеттесу

аталған ДЗ / фармакологиялық топты тағайындаудағы қиындықтар

жоғары қауіпті дәрілік зат

АВС (эй би си) және ХЕҰ (вен) талдауларының нәтижелері бойынша ДЗ / фармакологиялық топқа арналған шығыстардың жоғары үлесі

жиі тағайындалатын ДЗ / фармакологиялық топ

персоналдың ұсыныстары

басқа _____

ДЗ тағайындау негізділігіне жүргізілген бағалау нәтижелері:

Сәйкессіздіктерді жою және ДЗ ұтымды пайдалануды одан әрі жақсарту бойынша қабылданған шаралар:

2-нысан. Дәрілік заттарды тағайындаудың негізділігін бағалау парағы

Бөлімше _____

— — — — —
Ауру тарихының № _____

— — — — —
Емдеуші дәрігер _____

— — — — —
(тегі, инициалдары)

Пациент _____

— — — — —
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Туған күні ____ . ____ . ____ Жынысы:

еркек

әйел Салмағы (кг) _____

Негізгі диагноз _____

Қосарлас диагноз _____

Пациентке тағайындалған ДЗ саны _____

Тағайындалған ДЗ _____

(ДЗ атауы, дозасы, шығарылу түрі)

Дәрілік заттарды тағайындаудың негізділігін бағалау

Иә Жоқ Толық емес

Дәрі-дәрмектік терапияның диагнозға сәйкестігі

Дәрі-дәрмектік терапияның ҚҰФ сәйкестігі

Дәрі-дәрмектік терапияның клиникалық хаттамаларға сәйкестігі

Дәрі-дәрмектік терапияның халықаралық клиникалық нұсқаулықтарға сәйкестігі

Пациенттің жасын, физиологиялық / патологиялық жағдайын есепке алу

ДЗ дозасының диагнозға және физиологиялық жағдайға сәйкестігі

ДЗ енгізу жолдарының диагнозға және физиологиялық жағдайға сәйкестігі

ДЗ қосындысы ұтымды және (немесе) қауіпсіз болды

Инъекциялық препараттарды тағайындаудың негізділігі

Микробқа қарсы препараттарды тағайындаудың негізділігі

Дәрі-дәрмектік терапия мақсатына қол жеткізу

Дәрі-дәрмектік терапияны бақылау жүргізілді ме?

ХПА-ға ДЗ тағайындау / жазу

Дәрі-дәрмектердің тағайындау парағын жүргізу стандарттарына сәйкестігі

ДЗ жағымсыз реакциясы анықталған жоқ

Дәрі-дәрмектік қателер жоқ

Тағайындалған инъекциялық ДЗ саны

Тағайындалған антибиотиктер саны

Дәрілік формулярға кіретін ДЗ саны

Қорытынды*: дәрілік заттарды тағайындау негізді / негізсіз

Күні ____ ж. ____ . _____

Дәрігер-клиникалық фармаколог: _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)*

Нәтижелерді сандық бағалау мынадай параметрлер бойынша жүргізіледі:

1) Әрбір индикатор 2 балдық шкала бойынша бағаланады, мұнда:

- 2 балл (жауап "иә") – индикаторға толық сәйкестік;

- 1 балл (жауап "толық емес") – индикаторға ішінара сәйкестік;

- 0 балл (жауап "жоқ") – индикаторға сәйкессіздік.

Нәтижелерді сапалы бағалау бағалау эквиваленттерінің шкаласы бойынша жүргізіледі, бұл ретте баллдардың ең көп саны 100%-ға теңестіріледі:

- 90-100% – "негізді дәрілік заттарды тағайындау";

- <90% - "негізсіз дәрілік заттарды тағайындау".

3-нысан. Антибиотикопрофилактика сараптамасын бағалау парағы

Бөлімше _____

— — — — —
Ауру тарихының № _____

— — — — —
Емдеуші дәрігер _____

— — — — —
(т е г і , и н и ц и а л д а р ы)

Пациент _____

— — — — — (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Туған күні ____ . ____ . ____ Жынысы:

еркек

әйел Салмағы (кг) _____

Негізгі диагноз _____

Қосарлас диагноз _____

Тағайындалған микробқа қарсы препараттар: _____

(ДЗ атауы, дозасы, шығарылу түрі)

Микробқа қарсы препараттарды тағайындаудың негізділігін бағалау	Иә	Жоқ	Толық емес
Тағайындалған микробқа қарсы препараттың диагнозға сәйкестігі	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Тағайындау парағында жүргізілетін антибиотикопрофилактика туралы жазбалардың болуы	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Микробқа қарсы препарат дозасының сәйкестігі	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Микробқа қарсы препаратты енгізу жолының сәйкестігі	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Микробқа қарсы препаратты енгізу уақытының сәйкестігі	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Микробқа қарсы препаратты енгізу еселігінің сәйкестігі	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Антибиотикопрофилактика ұзақтығының сәйкестігі	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>

Қорытынды *: антибиотикопрофилактика қағидаттары сақталған /
сақталмаған

Күні ____ ж. ____ . _____

Дәрігер-клиникалық фармаколог: _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Бөлімше меңгерушісі: _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

* Нәтижелерді сандық бағалау мынадай параметрлер бойынша жүргізіледі:

1) Әрбір индикатор 2 балдық шкала бойынша бағаланады, мұнда:

- 2 балл (жауап "иә") – индикаторға толық сәйкестік;

- 1 балл (жауап "толық емес") – индикаторға ішінара сәйкестік;

- 0 балл (жауап "жоқ") – индикаторға сәйкессіздік.

Нәтижелерді сапалы бағалау бағалау эквиваленттерінің шкаласы бойынша жүргізіледі, бұл ретте баллдардың ең көп саны 100%-ға теңестіріледі:

- 90-100% – "антибиотикопрофилактика қағидаттары сақталған";

- <90% – "антибиотикопрофилактика қағидаттары сақталмаған".

4-нысан. Антибиотикотерапия сараптамасын бағалау парағы

Бөлімше _____

– – – – –
Ауру тарихының № _____

– – – – –
Емдеуші дәрігер _____

– – – – –
(тегі, инициалдары)

Пациент _____

– – – – –
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Туған күні ____ . ____ . ____ Жынысы:

еркек

әйел Салмағы (кг) _____

Негізгі диагноз _____

_____ Қосалқы диагноз _____

_____ Тағайындалған микробқа қарсы препараттар: _____

(ДЗ атауы, дозасы, шығарылу түрі)

	Иә	Жоқ	Толық емес
Микробқа қарсы препараттарды тағайындаудың негізділігін бағалау			
Тағайындалған микробқа қарсы препараттың диагнозға сәйкестігі	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Емдеу курсының диагнозға сәйкестігі	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Микробқа қарсы препарат дозасының сәйкестігі	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Микробқа қарсы препаратты енгізу жолының сәйкестігі	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Микробқа қарсы препаратты енгізу уақытының сәйкестігі	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Микробқа қарсы препаратты енгізу еселігінің сәйкестігі	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Жұқтырудың клиникалық симптомдарының болуы	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Қан талдауында (лейкоцитоз, ЭШЖ, СРБ, лейкоцитарлы формуланың солға жылжуы) / несеп талдауында қабынудың болуын куәландыратын өзгерістердің болуы	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Микробиологиялық талдаудың болуы	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Микробиологиялық талдауда микробты флораның болуы _____	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
----- бар болса - штамм мен титрды көрсету			
Бөлінген штаммның микробқа қарсы тағайындалған препаратқа(-тарға) сезімталдығының болуы	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Сауығуға қол жеткізу	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>

Қорытынды *: антибиотикотерапия ұтымды / ұтымсыз

Күні ____ ж. ____ . _____

Дәрігер-клиникалық фармаколог: _____

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Бөлімше меңгерушісі: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

* Нәтижелерді сандық бағалау мынадай параметрлер бойынша жүргізіледі:

1) Әрбір индикатор 2 балдық шкала бойынша бағаланады, мұнда:

- 2 балл (жауап "иә") – индикаторға толық сәйкестік;

- 1 балл (жауап "толық емес") – индикаторға ішінара сәйкестік;

- 0 балл (жауап "жоқ") – индикаторға сәйкессіздік.

Нәтижелерді сапалы бағалау бағалау эквиваленттерінің шкаласы бойынша жүргізіледі, бұл ретте баллдардың ең көп саны 100%-ға теңестіріледі:

- 90-100% – "антибиотикотерапия ұтымды";

- <90% – "антибиотикотерапия ұтымсыз".

Дәрілік заттардың ұтымды
пайдаланылуына бағалау
жүргізу қағидаларына
2-қосымша

Дәрі-дәрмектік қателер туралы нысан-хабарлама

Дәрі-дәрмектік қатеге күдік туындаған кезде осы нысанды-хабарламаны толтыруыңызды өтінеміз.

Өтінеміз, барлық бөлімдерді барынша толық толтырыңыз (көк/қара шарикті қаламмен немесе компьютерде). Пациент және нысан- хабарламаны ұсынған адам туралы мәліметтер құпия болып қалады.

Дәрі-дәрмектік қателер туралы нысан-хабарламаны толтырған тұлға туралы ақпарат

1. _____

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

2. Телефон/Факс (жергілікті жердің кодын қоса алғанда) _____

3.

дәрігер

медбике (мейіргер)

фармацевт

пациент

басқа.: _____

Дәрі-дәрмектік қате салдарынан жағымсыз реакцияны бастан өткерген
пациент туралы ақпарат

1. Жағымсыз реакцияны кім алды?

_____ (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

2. Жынысы:

еркек

әйел

3. Туған күні _____

(күні, айы, жылы)

4. Салмағы (кг) _____ 5. Бойы (см) _____

_____ 6. Дәрі-дәрмектік қатені жасау күні мен уақыты _____

_____ (күні, айы, жылы, сағат: минут)

7. Дәрі-дәрмектік қатені жасау орны: _____

_____ (егер маңызды болса: бөлімше, кабинет және т. б..)

8. Пациент анамнезінің ерекшеліктері: _____

€

аллергия бар

€

жүктілік __ апта

€

бүйрек функцияларының аурулары

€

бауыр функцияларының аурулары

9. Анықталған дәрі-дәрмектік қате кез келген мынадай салдарға әкелді ме:

Денсаулыққа зиян келмеу

Жергілікті көмек көрсетілді (суық, таңғыш, өңдеу)

Шиналар, тігістер немесе сол сияқтылар салынған

Операция

Емдеуге жатқызу

Емдеуге жатқызуды ұзарту

Қарқынды терапия (реанимация)

Ауруы бойынша демалыс (аурухана парағы)

Мүгедектік

Ақау _____

Өлім

Жоғарыда аталғандардың ешқайсысы емес. Басқа _____

Күдік тудыратын дәрі-дәрмектік қате туралы ақпарат

Дәрілік затты тағайындауға байланысты:

<p>1. Пациентке ДЗ тағайындалды:</p> <p><input type="checkbox"/></p> <p>көрсетілім бойынша емес</p> <p><input type="checkbox"/></p> <p>қарсы көрсетілімдер болған кезде</p> <p><input type="checkbox"/></p> <p>қате доза</p> <p><input type="checkbox"/></p> <p>қолдану тәсілі дұрыс емес</p> <p><input type="checkbox"/></p> <p>енгізу жылдамдығы, уақыты және жиілігі дұрыс емес</p> <p><input type="checkbox"/></p> <p>қабылданатын ДЗ-мен өзара әрекеттесуі ескерілмеген</p> <p>2. Денсаулық сақтау ұйымының дәрілік формулярында ДЗ болуы / болмауы _____</p> <p>-----</p> <p>(ДЗ атауы, дозасы, шығарылу түрі)</p> <p>3. Дәрігердің түсініксіз жазбасы / түсініксіз аббревиатура (қысқарту) _____</p> <p>-----</p> <p>4. Тағайындалуы толық жазылмаған (ДЗ шығарылу түрі, дозасы, қолдану тәсілі көрсетілмеген) _____</p> <p>_____</p>	<p>5. Тағайындау кезінде пациенттің физиологиялық жағдайы, ілеспелі аурулар және басқа ДЗ қабылдауы ескерілмеген _____</p> <p>-----</p> <p>(ілеспе ауру, қабылданатын ДЗ атаулары, доза, шығарылу түрі)</p> <p>6. Емделушіде осы ДЗ аллергиясы болған жағдайда ДЗ _____ тағайындалды _____</p> <p>-----</p> <p>(ДЗ атауы, дозасы, шығарылу түрі)</p> <p>7. Пациентке ДЗ туралы қате ақпарат берілді (көрсетімдер, қолдану тәсілі, қарсы көрсетілімдер, қолданудың ерекше жағдайлары, жағымсыз реакциялар)</p>
--	---

Препараттарды енгізуге байланысты:

<p>1. Пациентке енгізілді:</p> <p><input type="checkbox"/></p> <p>тағайындалмаған ДЗ _____</p> <p>_____</p> <p>-----</p> <p>(ДЗ атауы, дозасы, шығарылу түрі) <input type="checkbox"/></p> <p>_____</p> <p><input type="checkbox"/></p> <p>қате доза _____</p> <p>(көрсету қажет) _____</p> <p>_____</p> <p><input type="checkbox"/></p> <p>қате жолмен енгізілген _____</p> <p>-----</p> <p>(көрсету қажет)</p>	<p><input type="checkbox"/></p> <p>ДЗ енгізу жылдамдығы дұрыс емес</p> <p><input type="checkbox"/></p> <p>мерзімі өткен ДЗ _____</p> <p>(ДЗ атауы, дозасы, шығарылу түрі, срок годности) _____</p> <p>-----</p> <p>2. Пациентке тағайындалған ДЗ енгізілген жоқ _____</p> <p>_____</p>
--	--

Препараттарды сақтаумен және дайындаумен байланысты:

- ДЗ дұрыс дайындалмады (араластырылмады, бөлінбеді)
- ДЗ сақтау шарттары сақталмаған
- ДЗ таңбасы жоқ (заттаңбаның немесе белгінің болмауы)
- Дұрыс таңбаламау (белгіленуі, затбелгісі)
Берілді / жіберілді:
- ұқсас қаптамадағы басқа (тағайындалмаған) ДЗ (сыртқы түрі бойынша қателесу)
- атауы ұқсас басқа (тағайындалмаған) ДЗ (атауы бойынша қателесу)
- дозалануы, шығарылу нысаны басқа ДЗ

(таңдалған қатені сипаттау)

Дәрілік заттардың ұтымды пайдаланылуына бағалау жүргізу қағидаларына 3-қосымша

Стационарлық көмек көрсететін ұйымдарға арналған дәрілік заттардың ұтымды пайдаланылуын бағалау индикаторлары

№	Индикаторлардың атауы	Индикаторларға қол жеткізуге жауаптылар	Сыртқы бағалау үшін ұсынылатын құжаттар	Баға шкаласы *
1	2	3	4	5
Құрылым индикаторлары				
	Денсаулық сақтау ұйымдарында дәрілік	Формулярлық комиссияның төрағасы,		

1	заттардың айналысы тәртібін сипаттайтын құжаттың болуы	клиникалық фармаколог, дәріхана меңгерушісі	Денсаулық сақтау ұйымдарында дәрілік заттардың айналысы тәртібін сипаттайтын құжат	
2	Формулярлық комиссияның болуы	Формулярлық комиссияның төрағасы, клиникалық фармаколог	Формулярлық комиссия құру туралы б ұ й р ы қ ; Формулярлық комиссияның ағымдағы жылға арналған ережесі мен жұмыс ж о с п а р ы ; Формулярлық комиссияның құрамы/ құрылымы туралы бұйрық	
3	Формулярлық комиссия құрамында клиникалық фармакологтың болуы	Формулярлық комиссияның төрағасы, клиникалық фармаколог	Клиникалық фармаколог лауазымына тағайындау туралы бұйрық	
4	Дәрілік формулярдың болуы	Формулярлық комиссияның төрағасы, клиникалық фармаколог	Денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органымен келісілген және денсаулық сақтау ұйымының басшысы бекіткен ағымдағы жылға арналған дәрілік формуляр	
5	Ағымдағы режимде пациент туралы деректерге (оның ішінде дәрі-дәрмектік тағайындауларға) қол жеткізуді қамтамасыз ететін медициналық ақпараттық жүйенің (МАЖ) болуы	Формулярлық комиссияның төрағасы, клиникалық фармаколог, дәріхана меңгерушісі	Ағымдағы режимде пациент туралы деректерге (оның ішінде дәрі-дәрмектік тағайындауларға) қолжетімділікті қамтамасыз ететін медициналық ақпараттық жүйе (МАЖ)	
6	Дәрілік заттарды парентеральды енгізу жолдарына және жоғары қауіпті дәрі-дәрмектерді қолдануға пациенттердің ақпараттандырылған келісімі нысандарының болуы	Формулярлық комиссияның төрағасы, клиникалық фармаколог, бөлімше меңгерушілері	Дәрілік заттарды парентеральды енгізу жолдарына және жоғары қауіпті дәрі-дәрмектерді қолдануға пациенттердің ақпараттандырылған келісімі нысандары	
7	Микробқа қарсы препараттарды пайдалану ж ө н і н д е г і мультидисциплинарлық топтың болуы	Формулярлық комиссияның төрағасы, микробиолог, эпидемиолог, клиникалық фармаколог, дәріхана меңгерушісі	Мультидисциплинарлық топ құру туралы бұйрық	
8	Дәрілік заттарды тағайындаудың негізділігіне мониторинг жүргізуге арналған қызметтің болуы	Формулярлық комиссияның төрағасы, клиникалық фармаколог	Дәрілік заттарды тағайындау мониторингі жөніндегі қызметтің құрамы туралы бұйрық	
	Жоғары қауіпті дәрі-дәрмектердің тізбесін, жоғары тәуекел дәрежесі бар	Формулярлық комиссияның төрағасы,	Жоғары қауіпті дәрі-дәрмектерінің тізбесін, жоғары қауіпті дәрі-дәрмектерді	

9	дәрі-дәрмектерді сақтау және таңбалау қағидаларын айқындайтын СОР-дың болуы (қызыл белгі)	клиникалық фармаколог, дәріхана меңгерушісі	сақтау және таңбалау қағидаларын айқындайтын СОР (қызыл белгі)	
10	Дәрілік заттардың жағымсыз реакцияларын тіркеу	Формулярлық комиссияның төрағасы, клиникалық фармаколог, дәріхана меңгерушісі, бөлімше меңгерушілері	Фармакологиялық қадағалау үшін жауапты тұлғаны тағайындау туралы бұйрық; дәрілік заттардың жағымсыз реакцияларын тіркеу туралы журнал	
11	Дәрі-дәрмектік қателерді жинау және мониторингтеу жүйесінің болуы	Формулярлық комиссияның төрағасы, клиникалық фармаколог, эпидемиолог, бөлімше меңгерушілері	Дәрі-дәрмектік қателер туралы нысан-хабарламалар	
Процестің индикаторлары				
12	Дәрілік формулярды қайта қарау кезеңділігі	Формулярлық комиссияның төрағасы, клиникалық фармаколог	Формулярлық комиссия отырыстарының дәрілік формулярды қайта қарау туралы хаттамалары	
13	Формулярлық комиссия отырыстарының жылдық саны	Формулярлық комиссияның төрағасы, клиникалық фармаколог	Формулярлық комиссия отырыстарының хаттамалары; Формулярлық комиссияның жұмыс жоспары	
14	Медицина персоналының дәрілік заттар туралы тәуелсіз және дұрыс ақпаратқа рұқсаттың болуы	Формулярлық комиссияның төрағасы, клиникалық фармаколог, бөлімше меңгерушілері	Дәрілік заттар туралы сенімді ақпарат көздеріне қолжетімділік (ҚҰФ және т. б.)	
15	Медицина персоналы үшін дәрілік формулярдың және пациенттер үшін дәрілік заттармен қамтамасыз ету жөніндегі қажетті ақпараттың қолжетімділігі	Формулярлық комиссияның төрағасы, клиникалық фармаколог, бөлімше меңгерушілері, дәріхана меңгерушісі	Медицина персоналының жұмыс орнында дәрілік формулярдың болуы; размещенная информация қолжетімді жерде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бойынша пациенттер үшін орналастырылған ақпарат	
	Сырақтанушылық құрылымы туралы деректерді ескере	Формулярлық комиссияның төрағасы, клиникалық		

16	отырып, дәрілік формулярға енгізу үшін дәрілік заттарға негізделген қажеттіліктің болуы	фармаколог, бөлімше меңгерушілері, дәріхана меңгерушісі	Әрбір препаратқа саны мен сомасы көрсетілген дәрілік заттарға бекітілген қажеттілік	
17	Инфекциялық бақылау жүйесінің жұмыс істеуі	Формулярлық комиссияның төрағасы, микробиолог, эпидемиолог, клиникалық фармаколог, дәріхана меңгерушісі	Микробқа қарсы препараттарды пайдалану бойынша мультидисциплинарлық топ отырыстарының хаттамалары; бактериологиялық себіндіге жолдама; Ауруханаішілік инфекциялармен сырқаттанушылықты талдау, емдеу және диагностикалық емшараларды, санитариялық-эпидемияға қарсы режимді эпидемиологиялық қауіпсіз орындау алгоритмі, ауруханаішілік инфекцияларға жүргізілген микробиологиялық мониторинг нәтижелері	
18	Жағымсыз реакцияларды тіркеу жүйесінің жұмыс істеуі	Формулярлық комиссияның төрағасы, клиникалық фармаколог, дәріхана меңгерушісі, бөлімше меңгерушілері	Дәрілік заттардың жағымсыз реакцияларын тіркеу тәртібін анықтайтын СОР / құжатталған рәсім/ жұмыс нұсқалығы; Жағымсыз реакцияларды тіркеу журналы	
19	Дәрілік заттарды енгізу мониторингінің жұмыс істеуі	Формулярлық комиссияның төрағасы, клиникалық фармаколог, бөлімше меңгерушілері	Дәрілік заттарды тағайындау парақтары	
20	Дәрі-дәрмектік қателерді мониторингтеу жүйесінің жұмыс істеуі.	Формулярлық комиссияның төрағасы, клиникалық фармаколог, дәріхана меңгерушісі, бөлімше меңгерушілері	Ішкі аудит хаттамалары; Дәрі-дәрмектік қателер анықталған кездегі іс-шаралар (СОР)	
21	Дәрілік заттарды тағайындаудың негізділігін мониторингтеу жүйесінің жұмыс істеуі	Формулярлық комиссияның төрағасы, клиникалық фармаколог, бөлімше меңгерушілері	Ішкі аудит хаттамалары; Дәрі-дәрмектік қателерді анықтау жөніндегі іс-шаралар жоспары; Дәрігерлердің тағайындаулары/жазбалары Пациенттердің электрондық карталары (күнделіктері)	
		Формулярлық комиссияның		

22	Медицина персоналын дәрілік заттарды ұтымды пайдалануға оқытуды жүргізу кезеңділігі	төрағасы, клиникалық фармаколог, дәріхана меңгерушісі	Дәрілік заттарды ұтымды пайдалану мәселелері бойынша медицина қызметкерлерін оқыту кестесі / жоспары	
Нәтиже индикаторлары				
23	Дәрілік заттарды дәрілік формулярда халықаралық патенттелмеген атаулары бойынша тізімдеу	Клиникалық фармаколог, дәріхана меңгерушісі	Ағымдағы жылға арналған дәрілік формуляр	
24	Денсаулық сақтау ұйымының дәрілік формулярының Қазақстандық ұлттық дәрілік формулярға сәйкестігі	Клиникалық фармаколог, дәріхана меңгерушісі	Ағымдағы жылға арналған дәрілік формуляр	
25	Денсаулық сақтау ұйымының медицина қызметкерлерінің дәрілік заттарды ұтымды пайдалану туралы білімін бағалау	Формулярлық комиссияның төрағасы, клиникалық фармаколог	Дәрілік заттарды тиімді пайдалану бойынша біліктілігін арттыру туралы куәлік, білім деңгейі туралы сауалнама	
26	Дәрілік заттарды пайдалануға бағалау жүргізу (ABC (эй би си) және VEN (вен) талдаулары)	Формулярлық комиссияның төрағасы, клиникалық фармаколог, дәріхана меңгерушісі	Дәрілік заттардың пайдаланылуына жүргізілген бағалау нәтижелері (ABC (эй би си) және VEN (вен) талдаулары)	
27	Белгіленген тәуліктік дозаны анықтауға және пайдаланылған дәрілік заттардың саны бойынша нақты деректерді талдауға негізделген әдістің көмегімен дәрілік заттардың тұтынылуына талдау жүргізу	Формулярлық комиссияның төрағасы, клиникалық фармаколог, дәріхана меңгерушісі	Дәрілік заттардың тұтынылуын талдау нәтижелері	
28	Клиникалық тиімділігі дәлелденген дәрілік заттарды тағайындау үлесі	Формулярлық комиссияның төрағасы	Дәрігерлердің тағайындаулары/жазбалары Пациенттердің электрондық карталары (күнделіктері)	

*Нәтижелерді сандық бағалау мынадай параметрлер бойынша жүргізіледі:

1) Әрбір индикатор 2 балдық шкала бойынша бағаланады, мұнда:

- 2 балл – барлық растаушы құжаттармен сыртқы бағалау индикаторына толық сәйкестік, барлық процестер орындалады;

- 1 балл – сыртқы бағалау индикаторына ішінара сәйкестік, растайтын құжаттардың кейбіреуі жоқ, немесе құжаттар бар, бірақ процесс орындалмайды, немесе процесс орындалады, бірақ құжаттар жоқ;

- 0 балл – сыртқы бағалау индикаторына сәйкессіздік, растайтын құжаттар жоқ, процестер орындалмайды немесе ішінара орындалады.

2) Балдардың жиынтық саны – 56.

Нәтижелердің сапалы бағалануы бағалау эквиваленттерінің шкаласы бойынша жүргізіледі, бұл ретте баллдардың ең көп саны 100%-ға теңестіріледі:

- 90-100% – "Өте жақсы";
- 75-89%– "Жақсы";
- 50-74%– "Қанағаттанарлық";
- <50%– "Қанағаттанарлықсыз".

Дәрілік заттардың ұтымды пайдаланылуына бағалау жүргізу қағидаларына 4-қосымша

Амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар үшін дәрілік препараттардың пайдаланылуын бағалау индикаторлары

№	Индикаторлардың атауы	Индикаторларға қол жеткізуге жауаптылар	Сыртқы бағалау үшін ұсынылатын құжаттар	Баға шкаласы *
1	2	3	4	5
Құрылым индикаторлары				
1	Денсаулық сақтау ұйымдарында дәрілік заттардың айналысы тәртібін сипаттайтын құжаттың болуы	Формулярлық комиссияның төрағасы, клиникалық фармаколог, дәріхана меңгерушісі	Денсаулық сақтау ұйымдарында дәрілік заттардың айналысы тәртібін сипаттайтын құжат	
2	Формулярлық комиссияның болуы	Формулярлық комиссияның төрағасы, клиникалық фармаколог	Формулярлық комиссия құру туралы б ұ й р ы қ ; Формулярлық комиссияның ағымдағы жылға арналған ережесі мен жұмыс ж о с п а р ы ; Формулярлық комиссияның құрамы/ құрылымы туралы бұйрық	
3	Формулярлық комиссия құрамында клиникалық фармакологтың болуы	Формулярлық комиссияның төрағасы, клиникалық фармаколог	Клиникалық фармаколог лауазымына тағайындау туралы бұйрық	
4	Дәрілік формулярдың болуы	Формулярлық комиссияның төрағасы, клиникалық фармаколог	Денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органымен келісілген және денсаулық сақтау ұйымының басшысы бекіткен ағымдағы жылға арналған дәрілік формуляр	
5	Ағымдағы режимде пациент туралы деректерге (оның ішінде дәрі-дәрмектік тағайындауларға) қол жеткізуді қамтамасыз ететін	Формулярлық комиссияның төрағасы, клиникалық фармаколог,	Ағымдағы режимде пациент туралы деректерге (оның ішінде дәрі-дәрмектік	

	медициналық ақпараттық жүйенің (МАЖ) болуы	дәріхана меңгерушісі	тағайындауларға) қолжетімділікті қамтамасыз ететін медициналық ақпараттық жүйе (МАЖ)	
6	Дәрілік заттарды парентеральды енгізу жолдарына және жоғары қауіпті дәрі-дәрмектерді қолдануға пациенттердің ақпараттандырылған келісімі нысандарының болуы	Формулярлық комиссияның төрағасы, клиникалық фармаколог, бөлімше меңгерушілері	Дәрілік заттарды парентеральды енгізу жолдарына және жоғары қауіпті дәрі-дәрмектерді қолдануға пациенттердің ақпараттандырылған келісімі нысандары	
7	Микробқа қарсы препараттарды пайдалану жөніндегі мультидисциплинарлық топтың болуы	Формулярлық комиссияның төрағасы, микробиолог, эпидемиолог, клиникалық фармаколог, дәріхана меңгерушісі	Мультидисциплинарлық топ құру туралы бұйрық	
8	Дәрілік заттарды тағайындаудың негізділігіне мониторинг жүргізуге арналған қызметтің болуы	Формулярлық комиссияның төрағасы, клиникалық фармаколог	Дәрілік заттарды тағайындау мониторингі жөніндегі қызметтің құрамы туралы бұйрық	
9	Жоғары қауіпті дәрі-дәрмектердің тізбесін, жоғары тәуекел дәрежесі бар дәрі-дәрмектерді сақтау және таңбалау қағидаларын айқындайтын СОР-дың болуы (қызыл белгі)	Формулярлық комиссияның төрағасы, клиникалық фармаколог, дәріхана меңгерушісі	Жоғары қауіпті дәрі-дәрмектерінің тізбесін, жоғары қауіпті дәрі-дәрмектерді сақтау және таңбалау қағидаларын айқындайтын СОР (қызыл белгі)	
10	Дәрілік заттардың жағымсыз реакцияларын тіркеу	Формулярлық комиссияның төрағасы, клиникалық фармаколог, дәріхана меңгерушісі, бөлімше меңгерушілері	Фармакологиялық қадағалау үшін жауапты тұлғаны тағайындау туралы бұйрық; дәрілік заттардың жағымсыз реакцияларын тіркеу туралы журнал	
11	Дәрі-дәрмектік қателерді жинау және мониторингтеу жүйесінің болуы	Формулярлық комиссияның төрағасы, клиникалық фармаколог, эпидемиолог, бөлімше меңгерушілері	Дәрі-дәрмектік қателер туралы нысан-хабарламалар	
Процестің индикаторлары				
12		Формулярлық комиссияның төрағасы,		

	Дәрілік формулярды қайта қарау кезеңділігі	клиникалық фармаколог	Формулярлық комиссия отырыстарының дәрілік формулярды қайта қарау туралы хаттамалары	
13	Формулярлық комиссия отырыстарының жылдық саны	Формулярлық комиссияның төрағасы, клиникалық фармаколог	Формулярлық комиссия отырыстарының хаттамалары; Формулярлық комиссияның жұмыс жоспары	
14	Медицина персоналының дәрілік заттар туралы тәуелсіз және дұрыс ақпаратқа рұқсаттың болуы	Формулярлық комиссияның төрағасы, клиникалық фармаколог, бөлімше меңгерушілері	Дәрілік заттар туралы сенімді ақпарат көздеріне қолжетімділік (ҚҰФ және т. б.)	
15	Медицина персоналы үшін дәрілік формулярдың және пациенттер үшін дәрілік заттармен қамтамасыз ету жөніндегі қажетті ақпараттың қолжетімділігі	Формулярлық комиссияның төрағасы, клиникалық фармаколог, бөлімше меңгерушілері, дәріхана меңгерушісі	Медицина персоналының жұмыс орнында дәрілік формулярдың болуы; размещенная информация қолжетімді жерде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бойынша пациенттер үшін орналастырылған ақпарат	
16	Сырқаттанушылық құрылымы туралы деректерді ескере отырып, дәрілік формулярға енгізу үшін дәрілік заттарға негізделген қажеттіліктің болуы	Формулярлық комиссияның төрағасы, клиникалық фармаколог, бөлімше меңгерушілері, дәріхана меңгерушісі	Әрбір препаратқа саны мен сомасы көрсетілген дәрілік заттарға бекітілген қажеттілік	
17	Инфекциялық бақылау жүйесінің жұмыс істеуі	Формулярлық комиссияның төрағасы, микробиолог, эпидемиолог, клиникалық фармаколог, дәріхана меңгерушісі	Микробқа қарсы препараттарды пайдалану бойынша мультидисциплинарлық топ отырыстарының хаттамалары; бактериологиялық себіндіге жолдама; Ауруханаішілік инфекциялармен сырқаттанушылықты талдау, емдеу және диагностикалық емшараларды, санитариялық-эпидемияға қарсы режимді эпидемиологиялық қауіпсіз орындау алгоритмі, ауруханаішілік инфекцияларға жүргізілген микробиологиялық мониторинг нәтижелері	
18	Жағымсыз реакцияларды тіркеу жүйесінің жұмыс істеуі	Формулярлық комиссияның төрағасы, клиникалық фармаколог, дәріхана	Дәрілік заттардың жағымсыз реакцияларын тіркеу тәртібін анықтайтын	

		меңгерушісі, бөлімше меңгерушілері	С О Р ; Жағымсыз реакцияларды тіркеу журналы	
19	Дәрілік заттарды енгізу мониторингінің жұмыс істеуі	Формулярлық комиссияның төрағасы, клиникалық фармаколог, бөлімше меңгерушілері	Дәрілік заттарды тағайындау парақтары	
20	Дәрі-дәрмектік қателерді мониторингтеу жүйесінің жұмыс істеуі.	Формулярлық комиссияның төрағасы, клиникалық фармаколог, дәріхана меңгерушісі, бөлімше меңгерушілері	Ішкі аудит хаттамалары; Дәрі-дәрмектік қателер анықталған кездегі іс-шаралар (COP)	
21	Дәрілік заттарды тағайындаудың негізділігін мониторингтеу жүйесінің жұмыс істеуі	Формулярлық комиссияның төрағасы, клиникалық фармаколог, бөлімше меңгерушілері	Ішкі аудит хаттамалары; Дәрі-дәрмектік қателерді анықтау жөніндегі іс-шаралар жоспары; Дәрігерлердің тағайындаулары/жазбалары Пациенттердің электрондық карталары (күнделіктері)	
22	Медицина персоналын дәрілік заттарды ұтымды пайдалануға оқытуды жүргізу кезеңділігі	Формулярлық комиссияның төрағасы, клиникалық фармаколог, дәріхана меңгерушісі	Дәрілік заттарды ұтымды пайдалану мәселелері бойынша медицина қызметкерлерін оқыту кестесі / жоспары	
Нәтиже индикаторлары				
23	Дәрілік заттарды дәрілік формулярда халықаралық патенттелмеген атаулары бойынша санамалау	Клиникалық фармаколог, дәріхана меңгерушісі	Ағымдағы жылға арналған дәрілік формуляр	
24	Денсаулық сақтау ұйымының дәрілік формулярының Қазақстандық ұлттық дәрілік формулярға сәйкестігі	Клиникалық фармаколог, дәріхана меңгерушісі	Ағымдағы жылға арналған дәрілік формуляр	
25	Денсаулық сақтау ұйымының медицина қызметкерлерінің дәрілік заттарды ұтымды пайдалану туралы білімін бағалау	Формулярлық комиссияның төрағасы, клиникалық фармаколог	Дәрілік заттарды тиімді пайдалану бойынша біліктілігін арттыру туралы куәлік, білім деңгейі туралы сауалнама	
26	Дәрілік заттарды пайдалануға бағалау жүргізу (ABC (эй би	Формулярлық комиссияның төрағасы, клиникалық		

	си) және VEN (вен) талдаулары)	фармаколог, дәріхана меңгерушісі	Дәрілік заттардың пайдаланылуына жүргізілген бағалау нәтижелері (ABC (эй би си) және VEN (вен) талдаулары)
27	Белгіленген тәуліктік дозаны анықтауға және пайдаланылған дәрілік заттардың саны бойынша нақты деректерді талдауға негізделген әдістің көмегімен дәрілік заттардың тұтынылуына талдау жүргізу	Формулярлық комиссияның төрағасы, клиникалық фармаколог, дәріхана меңгерушісі	Дәрілік заттардың тұтынылуын талдау нәтижелері
28	Клиникалық тиімділігі дәлелденген дәрілік заттарды тағайындау	Формулярлық комиссияның төрағасы	Дәрігерлердің тағайындаулары/жазбалары Пациенттердің электрондық карталары (күнделіктері)
29	Инъекциялық дәрілік препараттарды тағайындау	Формулярлық комиссияның төрағасы	Дәрігерлердің тағайындаулары/жазбалары Пациенттердің электрондық карталары (күнделіктері)
30	Антибиотиктерді тағайындау	Формулярлық комиссияның төрағасы	Дәрігерлердің тағайындаулары/жазбалары Пациенттердің электрондық карталары (күнделіктері)

*Нәтижелерді сандық бағалау мынадай параметрлер бойынша жүргізіледі:

1) Әрбір индикатор 2 балдық шкала бойынша бағаланады, мұнда:

- 2 балл – барлық растаушы құжаттармен сыртқы бағалау индикаторына толық сәйкестік, барлық процестер орындалады;

- 1 балл – сыртқы бағалау индикаторына ішінара сәйкестік, растайтын құжаттардың кейбіреуі жоқ, немесе құжаттар бар, бірақ процесс орындалмайды, немесе процесс орындалады, бірақ құжаттар жоқ;

- 0 балл – сыртқы бағалау индикаторына сәйкессіздік, растайтын құжаттар жоқ, процестер орындалмайды немесе ішінара орындалады.

2) Балдардың жиынтық саны – 60.

Нәтижелердің сапалы бағалануы бағалау эквиваленттерінің шкаласы бойынша жүргізіледі, бұл ретте баллдардың ең көп саны 100%-ға теңестіріледі:

- 90-100% – "Өте жақсы";

- 75-89% – "Жақсы";

- 50-74% – "Қанағаттанарлық";

- <50% – "Қанағаттанарлықсыз".